

Ұялы телефонның з





**Біздің асыққан заманда
ұялы телефон –
уақытымызды үнемдейтін
таптырмас көмекші.
Алайда, оның зияны жоқ
емес.**

**Бір-бірімізбен хабар
алмасып, қоңырау шалып,
хабарлама жазамыз. Ұялы
телефондарға суретке
түсіп, интернет пен
әлуметтік желілерде
"отырамыз". Ойындар
ойнап, фильм қарап, кітап
оқимыз, оятар қойып,
сүйікті әуендерімізді
тыңдаймыз. Осыншама
функционалды дүние**



Біз сізге ұялы телефоныңызды қауіпті деп санауға 3 себеп айта аламыз.

1. "Каницерогенді болуы мүмкін" –

Халықаралық Денсаулық сақтау ұйымы ұялы телефоннан шығатын, көзге көрінбейтін

электромагнитті толқындарды осылайша сипаттады. Ғалымдар қауіпті аурулар мен телефонның толқындары арасында тікелей байланыс тапқан жоқ, дегенмен зерттеулер жалғасуда, ал "мүмкін" сөзі қорқуға себеп береді.

2. Ғалымдардың жүргізген зерттеулері бойынша, адам ұялы телефонды қолданғанда оның миы басқаша жұмыс істей бастайды.

Бір сағаттық әңгіме нәтижесінде, телефон қойылған жақтағы мидың бөлігінде көбірек глюкоза алмасуы болады. Бұл зерттеулер де әлі жалғасуда, мамандар бұл факті адамның денсаулығына қалай әсер ететінін айта алмай отыр. Алайда телефон миымызға әсер етіп, жұмысын өзгертіні рас.

3. Соңғы жылдары бас аймағында ісіктерге шалдыққандардың саны өскені белгілі. Дәрігерлердің көпшілігі бұны ұялы телефонмен байланыстырады.



Ұялы телефонды көбірек қолданған сайын, ісік сияқты қауіпті ауруларға тап болу мүмкіндігі өседі. Ғалымдардың телефонды мүлде қауіпті деп, оған тыйым салғанын күтпей-ақ, қазірден бастап қорғаныңыз. Заманауи адамға телефоның өте қауіпті десе де, онсыз өмір сүруге келіспес еді. Ұялы телефонды тастауға асықпай, кейбір шараларды қолға алсаңыз, оның жаман әсерінен кішкене болса да,



Ұялы

телефонға құлақшын жалғап, сол арқылы сөйлесіңіз.

Телефонды қалтада, белдікте, ұстамаңыз. Телефонды қолда ұстап, жастықтың астына салып ұйықтамаңыз.

Мүмкіндік болса, қоңырау шалғанның орнына хабарлама жаза салыңыз.

Желі "ұстамайтын" жерлерден қайта-қайта телефон шалуға тырыспаңыз. Бұндай кездері телефон одан бетер көбірек толқындар шығарады.

Балалар электромагнитті толқындардың әсерінен көбірек зиян алады. Сондықтан кішкентайларға телефонды бергеннің алдында, оны



Көптің пікіріне сүйенсек, телефон, ең алдымен, байланыс, яғни сәйлесу құралы. Бірақ, неге екенін білмедік, көптеген бала-шаға оны ойын, уақыт өткізу құралына айналдырып алған. Осылайша олардың бар уақыты осы телефонмен өтеді. Шыны керек, тәулігіне 24 сағат болса, олар соның 12-13 сағатын осы қалтафонмен өткізеді. Мектеп оқушыларының біразы дерлік оны сабақ үстінде пайдаланады: музыка тыңдайды, клип көреді, кейде сондағы әуенге елітіп, ұйқылы-ояу, маужырап отырады. Ал сергек отырғандарының өзі бір-біріне “хат” жазып, сабаққа тіпті де көңіл



Ең қымбат 3 ұялы



ОН.



Англияның атақты зергері [Стюарт Хьюз](#) әлемдегі ең қымбат ұялы телефонды әрлеу үшін тер төгіп, нәтижесінде, Goldstriker iPhone 3GS Supreme атын еншілеген мына бір (жоғарыдағы суретте) телефон дүниеге келді. Ұялы Жерде ұялы телефонның "Apple" логосы 53 бірдей қымбат таспен қапталған. Ұялы телефонның құны – 3.2 миллион АҚШ доллары.



Қымбат бриллианттар мен ақ алтын, қолтырауынның сапалы терісімен қапталған ұялы телефон Гиннес рекордтар кітабына енген. Телефон 1 миллион 300 мың АҚШ долларына бағаланып отыр. Швейцария шеберлерінің қолынан шыққан GoldVish Le Million атты мына бір өзгеше дизайнды ұялы телефон да әлемдегі ең қымбат байланыс құралының бірі болып саналады.



Питер Алойссонның Diamond Crypto Smartphone атты мына бір туындысы болса, алқызыл алтыннан жасалған батырмаларымен ерекшеленеді. Ортадағы батырмада 18 караттық бриллиант жарқырап тұр. Телефонның қалған бөлігі таза платинамен апталған. 1,3 миллион АҚШ долларына тең телефонмен сөйлескен адамды тіпті халықаралық мафиялық ұжымдар да тыңдай алмайды екен.

**НАЗАРЛАРЫНЫ
ЗҒА
РАХМЕТ!**